

«Яномами құдайларына дұға»

Автор - Себастьян Сальгадо

Canon амбассадоры

Ақ-қара суреттің ортасында – қолын көкке көтеріп, алақанын жайған адамның бөкседен жоғары бейнесі. Сырт көзге ән айтып немесе күбірлеп тұрғандай. Жалаңаш, қауырсыннан бас киім киген, маңдайына, бетіне қара бояу жағып алыпты. Бояу тек кіндікке жетіп барып тоқтайды. Кеудесінде алқасы салбырап тұр.

Артында – жартастың үстінен тастарды аймалай ағып жатқан таяз өзеннің сұлбасы, айналасын ағаш көмкерген. Артқы жағындағы екі адамның біреуі сол жақтағы мүк жартастың үстінде екі ұзын найзасын ұстап отыр. Екіншісі ортасында, үлкен тастың үстінде отыр. Ауада қалың тұман қалқып тұр.

«Менің атым – Себастьян Сальгадо, Бразилиялық фотографпын. Сурет Амазонканың жүрегінде орналасқан елдің ең биік тауы Пико да Неблинаға (Тұманды шың) көтерілген кезде түсірілген. Әдетте Амазонканы өзендері бұраландаған жазық ретінде көруге дағдыланғанбыз.

Алайда ондағы тіршілік туралы мәлімет тым аз, өйткені қолжетімсіз. Бразилиядағы ең үлкен таулар Амазонкада орналасқан, өсімдіктер туралы мәлімет те тым тапшы, көп зерттеу керек. Осы тауға 22 адамнан тұратын жергілікті халықтан жасақталған топпен бірге шықтым, екеуі – ұлы бақсылар, біреуі – суреттегі адам.

Тауға шығу қиын болды, жол тайғақ екен. Шың «тұманды» деп аталады, өйткені ылғалды, жаңбыр жиі жауады. 2100 метр биіктікке қосын құрдық, 3107 метр биіктікке жеткенде барып тоқтадық.

Суреттегі бақсы Копарихеве («ән бастаушы», «табиғат дауысы» дегенді білдіреді) тауда өмір сүретін ұлы Яномами құдайына сыйынды. Ол Амазонкадағы барлық жаңбырларды, дауылдарды басқарады. Бақсы жолымызды жеңілдету үшін жаңбырды тоқтатуын сұрап, жолымызды ашты.

Жұмысымда сурет түсірумен шектелмей, суреттердің өздері сырт шертсе деймін.

Амазонка – Антарктидамен қатар қорғауға алынған аймақтардың бірі.

Амазонкада биоалуандылық, су ең көп. Құрдымға кетсе, көміртегі көп бөлініп, планета ажал құшады.

Осы суретті түсіру үшін Canon ұсынған 1D X камерасын қолдандым. Тамаша камера. Берік, сапалы, сенімді. Бірегей Canon құрылғылары түрлі жағдайда, соның ішінде қолайсыз Амазонка тауларында жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Менің суреттерім тірі, оларды табиғатпен тілдесе отырып түсірдім. Осы сурет – тоғыз жылға жуық уақытымды арнаған оқиғаның бір тармағы. Бір оқиғаны түсіру үшін 58 репортаж жасап, Амазонкаға 58 рет бардым.

Қорытынды «Амазония» топтамасында 200-ден астам сурет бар.

Адамдар кейде мені суретші дейді, бірақ бұл дұрыс емес. Мен фотографпын, мүлдем бөлек тұлғамын. Фотосурет – әмбебап тіл. Амазонкада түсірген суреттерімді Қытайда, Францияда, Жапонияда аудармасыз түсінуге

болады. Тікелей тілдесу әдісі. Суретке түсіру үшін құбылысқа терең, толығымен, бар ықыласыңызбен ену керек. Өйткені жалғыз сурет бүкіл оқиғаны баяндайды.

Бүгінде суреттер қарым-қатынас құралына айналса, фотосурет те солай. Ұялы телефонмен түсірілгендер фотосурет емес, өзара сөйлесетін тіл.

Нағыз фотосурет – фотографтың эстетикалық, мәдени, идеологиялық, антропологиялық құбылыстың бейнесін қармаған сәті, оның – мұрасы. Қоғам айнасы, тарихи сәттің бейнелі дәлелі. Әр сурет шабыттандыратын, өзгертетін керемет күшке ие.

Қазір 80 жастамын, 26 жасымнан бастап фото өнерімен айналыстым. Фотограф ретіндегі жұмысым – өмір бойы тірнектеп жинаған тәжірибем.

Бірақ мансабымның белгілі бір кезеңінде экологияға бет бұрдым.

Маған ата-анамның Рио-Досе алқабындағы фермасы мұраға қалды, жұбайым Лелия екеуміз оны ұлттық саябаққа айналдырдық. Қайта гүлдеп, үлкен орманға айналған жерге үш миллионнан астам ағаш отырғыздық.

Мен керемет өмір сүрдім, жомарт фотосурет өнерінің бергені көп болды. Соның арқасында 130-дан астам елді араладым, планетамыздың қалай өмір сүріп жатқанына куә болдым.

Топырақтан шықтым, топыраққа қайтып ораламын. Менің өмірім – соңына жеткен тағы бір айналым.